

Мұнайгаз кешенін дамыту бағдарламасы туралы

Қазақстан Республикасы Премьер-министрінің 1995 жылғы 22 ақпандағы N 76-р Өкімі

1. Мұнай және газ өнеркәсібі министрлігі ұсынған Мұнайгаз кешенін дамыту бағдарламасы мақұлданын.

2. Саланың дамуын белгілейтін, сондықтан да маңыздылығына қарай жоғары мемлекеттік басылымдылығы бар жобалар деп мыналар танылсын:

"маңғыстау мұнай өңдеу зауытын салу"

"Жаңажол газ өңдеу зауытын қайта жаңарту"

"Шымкент мұнай өңдеу зауытын жаңғырту"

(каталитикалық крекинг қондырғысының құрылысын аяқтау).

"Атырау мұнай өңдеу зауытын қайта жаңарту"

"экспорттық мұнай желісін салу" (Каспий Құбыржелісі
Консорциумының жобасы)

"Батыс Қазақстан-Құмкөл мұнай желісін салу"

"Өзен кен орнын қалпына келтіру"

Қазақстан Республикасының Экономика министрлігі аталған обаларды әзірленіп жатқан Стратегиялық маңызы бар және инфрақұрылымобъектілері бойынша мемлекеттік инвестициялар бағдарламасына қосатын болсын.

3. Қазақстан Республикасының Экономика министрлігі аталғанБағдарламада перспективалы жоспарлардың бірі ретінде мынадай жобаларды қамтитын магистральды газ құбырының желісін дамытудыкөздейтін болсын:

"Қарашығанақ-Ақтөбе-Ақмола"

"Қостанай-Көкшетау"

"Өр-Тобыл"

"Шалқар-Ленинск-Қызылорда-Түркістан"

"Перопавл-Қарағанды"

"Павлодар-Қарағанды"

Қазақстан Республикасының Мұнай және газ өнеркәсібі министрлігі Қазақстан Республикасының Экономика министрлігіне аталған жобалардың техникалық-экономикалық негіздемесін беретін болсын.

Премьер-министр

